

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

“ Әлемде және Қазақстанда Туберкулездің қазіргі эпидемиологиялық жағдайы”



**Орындаған: Сәтбай М.
Тексерген: Құсаинова А.Ж
Факультет: МПД
Группа: 13-001-01**

Алматы, 2016ж

ЖОСПАР

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

- Туберкулез — туы жығылмай келе жатқан жұқпалы ауру
- Қазақстандағы эпидемиологиялық жағдайы

III.Қорытынды

IV.Пайдаланған әдебиеттер

Туберкулез — туы жығылмай келе жатқан жұқпалы ауру



Туберкулез-тұрғындардың денсаулығына орасан зор нұқсан келтіретін әлемде ең ауқымды таралған жұқпалы ауру. Жыл сайын 8,4 млн. туберкулездің жаңа жағдайлары тіркелсе, шамамен 2 млн. адам осы аурудан көз жұмады.

Жұқпаның өзге қоздырушыларына қарағанда, туберкулез микобактериясынан адамдар көбірек қайтыс болады.

Туберкулез науқастарының 75 пайызы 20-40 жас аралығындағы еңбекке жарамды жастағы адамдар.

Туберкулез бактериялары адам ағзасына әртүрлі жолдармен енеді.

Сау адам жұқпалы затпен тікелей жанасуы арқылы, тіпті қол алысқан жағдайда да жұғуы мүмкін.. Ол әсіресе, мүйізді ірі қара малдар арасында жиі кездеседі. Шошқа, ит, тауық, қой және жылқы малы арасында жиі болады.

Адамдар жұқпаны, көп жағдайда, малдардан сүт арқылы жұқтырады. Сиыр желіні туберкулезге шалдыққан жағдайда, сүтте туберкулез бактериялары пайда болады.

Естеріңізде болсын, сауылған сүтті шикі күйінде емес, қайнатып ішкен жөн.

Жыл сайын әлемде:

- ✓ • 2 миллион адам туберкулез дертінен қаза табады. Туберкулез микробактериалары басқа да жұқпалы ауру қоздырғыштарынан қарағанда адам өміріне аса қауіпті;
- ✓ • туберкулездің барлық формаларымен 10-20 миллион адам ауырады;
- ✓ • шамамен жер шарының 1/3 тұрғындары, шамамен (ТМ)= 2 миллиард, туберкулездің микробактерияларын жұқтырған;
- ✓ • ауруды жұқтырғандардың шамамен 10 % өз өмірінде туберкулездің бір формасымен ауырады.
- ✓ • туберкулезбен ауырғандардың 75% - жастар және еңбекке жарамды жастағы адамдар (15-40 жас). Бұл өз кезегінде мемлекет экономикасына кері әсер етеді


Туберкулездің анағұрлым кең тараған белгілері

- ❖ Ұдайы жетел болады, ертеңгісін ұйқыдан тұрған кезде жетел қатты қинайды;
- ❖ Түстен кейін аздап ыстық кетеріледі және түнде терлеп қалады;
- ❖ Кеуде немесе белдің жоғары болігі ауыруы мүмкін;
- ❖ Ауру адам біртіндеп салмағын жоғалтады және әлсіздігі күшейе түседі.



Қазақстандағы эпидемиологиялық жағдайдың ауырлығына байланысты Қазақстан үшін бұл проблема өте өзекті болып табылады.

Студенттер арасында туберкулезбен ауыратындар саны жоғары екенін айта кеткен жөн. Дұрыс тамақтанбау, тиімсіз күн тәртібі, оқу бағдарламасының ауырлығы, тұрмыстың нашарлығы, жағымсыз әдеттер, ұйқының жетіспеушілігі, созылмалы эмоционалды стресс осы аурудың дамуына алып келеді.



Қазақстанда жыл сайын Туберкулезбен ауырғандар саны

Жыл сайын	Ауырғандар
2010	95,3
2011	86,6
2012	81,7
2013	73,5

Қазіргі таңдағы туберкулезді анықтаудың тиімді әдістері:

1. Бактериоскопиялық әдіс
2. Флюорография
3. Балаларға жасалатын Манту сынамасы

Жыл сайын студенттерге жүргізілетін флюорографиялық зерттеу туберкулезді ерте анықтауға мүмкіндік береді. Аурудың белгілері көрініс тапқан кездің өзінде ауру адам дәрігерге көрінбейді. Сондықтан да, флюорографиядан өтуден қашпау керек.

Жөтелге шағымданған кезде микроскоп арқылы ауру адамның қақырығын зерттейді. Қоршаған ортаға қауіпті жұқпалы ауруларды анықтауға мүмкіндік беру – бұл әдістің артықшылығы болып табылады. Манту сынамасын аурудың жұққандығын және ауруды анықтау үшін «қауіп-қатер» тобындағы балаларға салады. Туберкулездің спецификалық алдын-алу БЦЖ вакцинасы перзентханада баланың 1-4 күндерінде енгізіледі. Келесі ревакцинация 6-7 жаста жасалады. Бұлар өз кезегінде аурудың дамуы мен туберкулездің асқынуы мен таралуын тежейді.

1998 жылдан бастап туберкулезге қарсы күрес Президенттің қаулысымен біздің республикада жалпы мемлекеттік мәні бар міндетке айналды.

Қазақстандағы туберкулез бактериясымен ауырған өлімге алып келген көрсеткіштер

Жыл	Өлім
2010	10,6
2011	8,4
2012	7,4
2013	7,9

Соңғы 10жыл ішінде қалаларда туберкулезбен ауырған науқас тардың-49,1%, құраса өлім көрсеткіштер дің – 67%кұрайды.

Елбасы өз Жолдауында: «Халық денсаулығы — Қазақстанның өзінің стратегиялық мақсаттарына әкетудегі табысының ажырамас құрамдас бөлігі.

2020 жылға қарай ана мен бала өлімін екі есе төмендетіп, жалпы өлімді 30 пайызға азайтып, туберкулезбен ауруды 20 пайызға қысқартуы тиіс. Бұл ретте өмір сүрудің күтілетін ұзақтығы 72 жасқа дейін ұлғаяды», — деді.

Әдетте, туберкулезге тыныс ағзасы, өкпе тіні жиі ұшырайды (80 пайыз). Сондай-ақ, сирек те болса туберкулезге өзге де ағзалар (сүйек және буын, бүйрек, тері, көмей, перифериялы лимфа түйіндері, жыныс мүшелері, ми қабықшалары) шалдығады.

Көптеген елдерде туберкулезге қарсы дәрілер тегін беріледі.

- ✓ Изониазид таблеткалары
- ✓ Этанбутол таблеткалары
- ✓ Рифампин
- ✓ Тиациетазон таблеткалары
- ✓ Пиразинамид
- ✓ Стрептомицин (шанышатын)

Бұл дәрілерді дәрігердің берген нұсқауын қатаң сақтай отырып қабылдау өте маңызды. Кемінде бұлардың екеуін бір мезгілде қабылдау қажет. (Бұл дәрілерді қабылдау кезіндегі сақтық шараларын қабылдаңыз). Дәрілерді қашан дәрігер сіздің толық сауыққаныңызға көз жеткізгенше іше беріңіз. Өзіңізді жақсы сезіне бастағаннан дәріні қабылдауды тоқтата салмаңыз. Туберкулезден толық жазылу үшін 6 айдан бір жылға дейін және одан да көп уақыт керек.

Туберкулез бактерияларының 2015 жылғы Эпидемиологиялық көрсеткіштері

2015 жылда Қазақстан бойынша туберкулезбен ауырғандар саны 6,1% күдікті саны -61,6 өлім-10% күдікті 3,6 .

Облыстық қалаларда туберкулезбен ауырып өлімге алып келген

Ақмола

Қостанай,

Жамбыл

Батыс Қазақстан облысы,

Солтүстік Қазақстан облысы.

Облыстық қалаларда көп туберкулезбен ауырған науқастар:

Атырау

Қызылорда,

Батыс Қазақстан облысы,

Солтүстік Қазақстан облысы.



Туберкулез ауруын емдеу – тегін, кешенді, стационарларда 2-4 ай көлемінде жүргізіліп, кейін стационарларда немесе қатаң бақыланатын емханаларда емделеді. Емдеу үшін ең маңыздысы – туберкулезге қарсы препараттарды жүйелі қабылдау, толыққанды тамақтану тәртібін сақтау керек. Туберкулезбен ауырған адам міндетті түрде туберкулезге қарсы мекемелерде емделу тиіс. Өзін-өзі емдеу немесе емшілерге барып емделу ауруды табудың жолын кешіктіреді. Оның әсерінен емдеу ұзаққа созылады, жақындарына жұғады, тіпті, ауадың қайғылы аяқталуына әке соғуы мүмкін. Туберкулез бактерияларын жоюдың ең маңызды жолы – үздіксіз емдеу жолы. Қадағаланбаған, дәріні ретсіз қабылдау, туберкулез бактериялары туберкулезге қарсы препараттарға бейімделіп, емделуі өте қиын әрі көп уақытты қажет ететін, қоғам денсаулығына қауіпті болып табылатын мультirezистентті туберкулез дами түседі.



Қорытынды

Осылайша, туберкулез – әлемде ең көп таралған жұқпалы аурудың бірі.

Туберкулезбен жұқтыру қаупі өте жоғары. Сау адамдар туберкулез олардың проблемасы емес деп санамау керек. Себебі, туберкулез – біздің қоғамның проблемасы. Сондықтан, әр адам күнделікті өмірде туберкулездің алдын алу мәселелерін білсе туберкулездің өсуі мен таралуын тоқтату мүмкін болады.

Өзінді қауіптен сақтау үшін ретті түрде флюорографиялық тексерулерден өту қажет. Бұл тексеру ауруды дер кезінде анықтауға және де емді уақтылы бастауға мүмкіндік береді. Аурудың белгілері анықталғаннан соң дәрігерге қаралып, салауатты өмір салтын ұстану қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1.«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. VIII том
2. Патологиялық анатомия терминдерінің орысша – латынша – қазақша түсініктеме сөздігі.- Ақтөбе. Кошечкин В.А., Иванова З.А. Туберкулез. Учебное пособие. М., ГЭОТАР-Медиа, 2007.
- 3.Қазақстан Респуб-ликасында туберкулезге қарсы күрес жүргізу шараларын жетілдіру жайында* деген ҚР ДСҰ/МЗ шығарған бұйырықтары № 245, 452, 466, 467.
4. В.Ю.Мишин, Ю.Г. Григорьев, А.В. Митронин, С.П. Завражнов. Фтизиопульмонология. Учебник для вузов. ГЭОТАР-Медиа, 2007.
- 5.<http://2010-2013.iwep.kz/index.php?newsid=129>
- 6.http://www.kursiv.kz/news/obshestvo/za_10_let_zabolevaemost_tuberkulezom_v_kazakhstane_snizilas_na_52_4/
- 7.<http://www.ccmkz.kz/upload/KAZ%20TB%20Complex%20Plan%20Final%20Dec%202013%20RUS.pdf>